

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлері салалық кәсіптік одағының
кезекті XV Съезіне Орталық Комитет Есебінің ақпараты
(2019-2023 жылдар үшін)**

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	2
1. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЫҒАЮЫ.....	3
2. ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК.....	8
3. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ.....	14
3.1 Кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау.....	14
3.2 Кәсіподақтың норма шығару қызметіне қатысуы.....	17
4. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ.....	18
5. КӘСІПОДАҚТЫҚ ОҚЫТУ.....	20
6. АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС.....	22
7. ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС.....	24
8. КӘСІПОДАҚТЫҢ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТЫ.....	26
9. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ.....	28
10. ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫН САУЫҚТЫРУ.....	31
11. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ.....	32
12. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІ МЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ.....	32
13. ҚОРЫТЫНДЫ.....	36
14. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ-АҒАРТУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҒЫ: ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР.....	37



Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының кезекті XV Съезінің құрметті делегаттары мен қонақтары!

Өткен ғасырдың 20-жылдарында құрылған Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағы (әрі қарай – Кәсіподақ) өзінің қалыптасуы мен дамуының 100 жылдық белесін бағындырып отыр. Кәсіподақтың ғасырлық тарихи қызметі ел тарихымен, сала қызметкерлерінің күнделікті тыныс-тіршілігіне қамқорлық танытумен тығыз байланысты болды. Заман талабына сай жаңғыра отырып, Салалық кәсіподақ өз тәжірибесінің құнды үлгілерін қалыптастырды, бастысы, кәсіподақ қозғалысының тұтастығы мен бірлігін сақтап, елдегі ең үлкен қоғамдық ұйымға айналды. Кәсіподақ сала қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша мақсатты жұмысын жүргізіп, әлеуметтік әріптестік жүйесі аясында билік органдарымен және жұмыс берушілермен сындарлы ынтымақтастық орнатты.

Кәсіподақ XIV Съезд шешімдері мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының 2019-2024 жылдарға арналған қызметінің негізгі бағыттары» Бағдарламалық құжатын жүзеге асыру бойынша өзінің бес жылдық қызметін қорытындылайды.

Қазіргі таңда Кәсіподақ 600 мыңдай кәсіподақ мүшесін біріктіріп отыр.

Біз бүгінгі құбылмалы қоғамда үнемі жаңашылдыққа ұмтылу, сын-қатерлермен күресті күшейту, кәсіподақ қызметін жаңғыртып, реформалауды мақсатты түрде жүзеге асыру қажет екенін айқын түсінеміз.

Бұл құжат Кәсіподақтың барлық құрылымдары мен Орталық Комитет қызметінің егжей-тегжейлі есебі болып табылады және Съезд делегаттарына тарихи жолымызды саралауға, Кәсіподақтың қарқынды дамуы бағытындағы міндеттерін айқындауға мүмкіндік береді.

Құжатта соңғы бес жылда атқарылған жұмыстарымыздың негізгі нәтижелері мен қорытындылары жан-жақты баяндалған.

Кәсіподақ атынан көшбасшыларымызға, барша белсенділерге, кәсіподақ мүшелерінің әрқайсысына атқарылған ауқымды жұмыстар үшін шынайы алғысымды білдіремін!

Кезекті Съездің басты міндеті – алдағы 2024-2029 жылдарға арналған ұйым қызметіндегі басты мақсаттарды, басым міндеттерді және оларды іске асыру жолдарын белгілеу болмақ.

А. Мұқашева,
*Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары
білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының төрағасы*

1. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЫҒАЮЫ

Кәсіподақтың Орталық Комитеті есепті кезеңде ұйымдық бірлікті нығайтуға, цифрлық технологиялар мен жұмыстың жаңа формаларын қолдану негізінде жарғылық міндеттерді жүзеге асырудағы Кәсіподақ жұмысының тиімділігін арттыруға баса назар аударды.

Бастауыш ұйымнан Орталық Комитетке дейінгі барлық деңгейде жүргізілетін кәсіподақ жұмысының тиімділігі басты басымдық болып қала бермек.

Педагогикалық ұжымдар мен ғылыми ұйымдардағы кәсіподақ мүшелігіне мотивацияны (ынталандыруды) қалыптастыруға, жаңа кәсіподақ ұйымдарын құруға үлкен көңіл бөлінді.

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары өз жұмыстарында саналы кәсіподақ мүшелігін кәсіподақ мүшелеріне ауқымды және тиімді жұмыс істейтін экономикалық басымдықтарды белгілеу жүйесімен үйлестіруге тырысты.

Кәсіподақ мүшелерінің құқықтық қорғалуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету, олардың кәсіподақта қажетті қорғауды табатынына берік сенімі әрқашан өте маңызды болды.

Басшы болуға әлеуетті дайын кәсіподақ мүшелерінің арасынан барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдары төрағаларының тиімді кадрлық резервін қалыптастыру басты міндет болды. Кәсіподақ органдары ақпараттық жұмысқа және жастар саясатын дамытуға ерекше көңіл бөлді.

XIV Съездің есепті кезеңінде айқындалған басым міндеттер:

➤ педагогикалық және ғылыми қызметкерлердің әлеуметтік және кәсіби мәртебесін, білім алушылардың әлеуметтік мәртебесін арттыру;

➤ білім және ғылым саласында әлеуметтік әріптестік жүйесін әрі қарай нығайту және дамыту;

➤ Кәсіподақ мүшелері – педагогикалық және ғылыми қызметкерлер, білім алушылар үшін қолданыстағы әлеуметтік қолдауды дамыту және оның жаңа нысандарын құру;

➤ мемлекеттік билік органдарының, жұмыс берушілердің, кәсіподақ мүшелері мен олардың ұйымдарының әлеуметтік маңызды жобалары мен бастамаларын ілгері жылжытуға және іске асыруға ықпал ету;

➤ Кәсіподақ ұйымдары, саяси партиялар мен азаматтық қоғам институттары арасында тиімді байланыстарды кеңейтуге ықпал ету;

➤ Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының мүшелік ұйымдарымен, өзге республикалық бірлестіктердің кәсіподақтарымен бірлік пен ынтымақтастықты нығайту;


➤ білім және ғылым қызметкерлері үшін заманауи, қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысу;

➤ білім және ғылым қызметкерлерінің, білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оларды сауықтыруды ұйымдастыруға ықпал ету;


- Кәсіподақтың ұйымдастырушылық және қаржылық бірлігін нығайту, барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының жұмыс тиімділігін, кәсіподақ мүшелерінің бірлескен және құқықтық мәдениетінің деңгейінің арттыру;
- Кәсіподақ мүшелерін еңбек және кәсіподақтар туралы заңнамаларының негіздеріне белсенді оқыту;
- Кәсіподақтың сайланбалы алқалы органдары мен кәсіподақ ұйымдары басшыларының кәсіби біліктілік деңгейлерін және қабылданатын шешімдерге жауапкершіліктерін арттыру;
- Кәсіподақтың жағымды имиджін қалыптастыру және оның қоғамдық қатынастардағы рөлін күшейту.

Есепті кезеңде Атқару Комитетінің **32** отырысы өткізіліп, олардың күн тәртібінде **181** сұрақ қарастырылды, сондай-ақ Кәсіподақтың Орталық Комитетінің **7** Пленумы өткізілді.

**Атқару Комитеті
отырыстарының саны**



**Қаралған сұрақтар
саны**



2019-2024 жылдар аралығында Кәсіподақ қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі басшылық органдардың отырыстары барысында төмендегі құжаттарды қабылдау арқылы бірнеше рет қаралды:

- ✓ Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының жастар ісі жөніндегі кеңесі туралы ереже (2020);
- ✓ Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағында кәсіподақ кадрлары мен активті оқыту тұжырымдамасы (2020);
- ✓ Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссия туралы ереже (2020);
- ✓ Кәсіподақ қызметкерінің әдебі туралы ереже (2021);
- ✓ Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ардагерлер кеңесі туралы ереже (2022);
- ✓ Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы ережесін бекіту туралы (2022);

✓ «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің «Әлеуметтік әріптестікті дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі туралы ереже (2022);

✓ «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ-нің «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісі туралы ереже (2022);

✓ «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» атағына байқауы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ереже (2022);

✓ Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауы туралы ереже (2022);

✓ Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Алғыс хаты» туралы ереже (2022);

✓ Кәсіподақ органдарының қаржылық жұмыс мәселелері бойынша құқықтық актілер мен әдістемелік ұсынымдар (2022);

✓ «Үздік ұжымдық шарт» республикалық байқау-сайысын өткізу туралы ереже (2022);

✓ «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» және «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» туралы ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (2022);

✓ Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» тұжырымдамасы (2022);

✓ «Әлеуметтік әріптестік актілерінің экономикалық тиімділігін есептеу (ұжымдық шарттар, жұмыскерлер үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер), Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының құқықтық еңбек инспекторлары қызметінің экономикалық тиімділігін айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (2023);

✓ Кәсіподақ органдарында іс жүргізу мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (2024) – (жаңа редакция);

✓ 2024-2025 жылдарға арналған «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар (2024) - (жаңа редакция);

✓ Басқа да құжаттар.

Кәсіподақ ұйымдары Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының 2019-2024 жылдарға арналған XIV Съезінің Бағдарламалық құжатын орындауда кәсіподақ мүшелері – қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау жолындағы жарғылық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсатты жұмыстарын жүргізді.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЫҒАЙТУ	
21	МҮШЕЛІК ҰЙЫМДАР
179	АУДАНДЫҚ / ҚАЛАЛЫҚ ҰЙЫМДАР
8 374	БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ
584 458	КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІ

Кәсіподақ құрылымында:

- 21 облыстық деңгейдегі, Астана қаласы, Алматы, Шымкент республикалық маңызы бар қалалардың кәсіподақ ұйымдары;
- 179 филиал;
- 8 374 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар.

2024 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық есепке сәйкес Кәсіподақ **584 458** кәсіподақ мүшесін біріктіреді, оның ішінде жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелерінің саны **571 681** адамды құрайды.

Салада барлығы кәсіподағы бар **8 392** мекеме мен ұйым бар.

Кәсіподақ құрамындағы әйелдер саны – **427 727** адам, 35 жасқа дейінгі кәсіподақ мүшелері – **151 574** адам.

Мүшелік базаны сақтап қалу және нығайту Кәсіподақ үшін өзекті мәселе. Атқару Комитетінің отырыстарында жыл сайын кәсіподақ мүшелігі, кәсіподақ органдары мен мүшелік ұйымдардың қызметіндегі кәсіподақ мүшелігіне мотивацияны (ынталандыру) нығайту туралы статистикалық есеп қорытындысы қарастырылады.

Мүшелік ұйымдардың көпшілігі соңғы кездері кәсіподақ қозғалысындағы қалыптасқан жағдайдың тұрақсыздығына қарамастан, кәсіподақтың құрылымы мен мүшелік базасын сақтау, кәсіподақ мүшелігін ынталандыру бағытында мақсатты жұмыстар атқарып келетінін атап өткен жөн.

Төменде көрсетілген мүшелік ұйымдар есепті кезеңде мүшелік базаларын айтарлықтай арттыра білді:

- Маңғыстау облыстық ұйымы 5 679 адамға;
- Астана қаласының қалалық ұйымы 5 552 адамға;
- Жамбыл облыстық ұйымы 5 394 адамға;
- Ақтөбе облыстық ұйымы 2 507 адамға.



Дегенмен, 2019 жылмен салыстырғанда кәсіподақ мүшелерінің жалпы саны 118 мың адамға, ал бастауыш ұйымдар 969 бірлікке азайған.

Мүшелік базаның төмендеуі қызметкерлер санының қысқаруымен, шағын жинақты мектептердің таратылуымен және мектепке дейінгі ұйымдардың коммерцияландырылуымен, жоғары оқу орындары студенттерінің бастауыш кәсіподақ ұйымдарының қысқаруымен тығыз байланысты.

Сондай-ақ, «Кәсіподақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгертулер, яғни кәсіподақ ұйымдарын кәсіподақ бірлестіктеріне бірігуге міндеттейтін нормалардың алып тасталуы салалық кәсіподақ қозғалысының жағдайына кері әсерін тигізді. Түзетулер ірі кәсіподақ ұйымдарының ыдырауына себеп болды.


Кәсіподақ құрамынан Түркістан облыстық ұйымының, Қостанай облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының, Ұлытау облыстық кәсіподақ ұйымының шығуына заңнаманың кемшіліктері, сонымен қатар осы ұйымдардың ішінде пайда болған жағымсыз үрдістер де өз әсерін тигізді.

Еліміздің кей өңірлеріндегі мүшелік базаның қысқаруына мемлекеттік органдардағы лауазымды тұлғалардың тарапынан кәсіподақ ұйымдарының қызметіне заңсыз араласу фактілері де ықпал етті.

Мысалы, Қарағанды облысы әкімдігінің білім басқармасының бұрынғы басшысының өңір аумағында өзінің ықпалы жүретін кәсіподақ ұйымын құру мақсатында кәсіподақ қызметіне араласуына байланысты Қарағанды облыстық ұйымының кәсіподақ мүшелері азайды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты саладағы кәсіподақ ұйымдары өз жұмыстарын жан-жақты сараптап, құрылымдарын ұйымдық тұрғыдан нығайту бойынша түбегейлі шаралар қабылдау, кәсіподақ мүшелерін тарту бойынша ынталандыру жұмыстарының сапасын арттыру, еңбек ұжымдарында жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру қажет.

Мүшелік ұйымдар аппаратындағы штаттық қызметкерлер саны



Кәсіподақ органдарының аппаратын кәсіподақ қызметін ұйымдастырушылық, қаржылық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық бағыттар бойынша мамандармен нығайтуда айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. 2024 жылы мүшелік ұйымдар мен Орталық Комитет аппараттарының штаттық қызметкерлерінің саны 583 адамды құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 134-ке артық.

Мүшелік ұйымдарда аудандық және қалалық кәсіподақ ұйымдарының басшылық құрамына кадрлық резерв жасақталды.

Облыстық ұйым төрағасы лауазымдарына жасақталған резервтегі үміткерлердің орташа жасы – 47 жасты құраса, кәсіподақ органдарындағы орта буын – аудандық және қалалық кәсіподақ ұйымдары басшыларының орташа жасы – 43 жасты құрайды.

Кәсіподақ қалыптастырған кадр саясаты барлық мүшелік ұйымдарда мақсатты және жүйелі атқарылып келеді.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының Бас Кеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 6.5 қаулысына сәйкес Кәсіподақта «Кәсіподақтың үздік бастауыш ұйымы» байқау-сайысы ұйымдастырылып, өткізілді. Байқаудың негізгі мақсаты: кәсіподақ мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі бастауыш кәсіподақ ұйымдарының қызметін жандандыру, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жарғылық мақсаттары мен міндеттерін орындау жөніндегі жұмыс тиімділігін, еңбек ұжымдарында бастауыш кәсіподақ ұйымдарының беделін арттыру болды.

Байқауға еліміздің барлық өңірлерінен бастауыш кәсіподақ ұйымдары қатысты.

2021 жылы қыркүйекте Түркістан қаласында байқау-сайыстың қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар дипломдар мен ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге байланысты іс-шаралар жоспарына сәйкес Кәсіподақ қызметі туралы ең үздік бейнеролик республикалық сайысы өтті. Қатысушыларға салалық кәсіподақ қозғалысының жағымды имиджін қалыптастыру мен беделін арттыруға бағытталған бейнеролик жасау міндеті қойылды. Сайысқа 18 автор қатысты.

2021 жылы 10 желтоқсанда Алматы қаласында сайыстың қорытындысы негізінде жеңімпаздар марапатталды.

2. ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК

Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін дамыту Кәсіподақ қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Тараптардың келісілген іс-қимылдарының нәтижесінде барлық деңгейдегі әлеуметтік диалогтың салалық жүйесі құрылды және тиімді жұмыс істеп келеді. Мемлекет жүргізіп жатқан реформалар еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастарда көрініс табатындықтан оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы инновацияларға байланысты әлеуметтік әріптестік аясындағы ынтымақтастық ерекше өзекті болып табылады.

Әлеуметтік әріптестік органдары жұмысының негізгі нәтижесі келіссөздер барысында жасалатын әлеуметтік әріптестер, келісімдер – еңбек жағдайларын және қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсартуға бағытталған құқықтық актілер болып табылады.

Есепті кезеңде оқу-ағарту саласы деңгейінде екі үшжақты келісім және ғылым және жоғары білім саласында бір келісім жасалды.

2021 жылы 1 ақпанда салалық деңгейде білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімге қол қойылды.

2023 жылы 19 сәуірде салалық деңгейде ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімге қол қойылды.

2023 жылы 25 желтоқсанда салалық деңгейде оқу-ағарту саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісім жасалды.

Осы Келісімдермен жалақы, еңбек нормалары, жұмыс уақыты мен демалыс режимі, сондай-ақ сала қызметкерлеріне еңбекке, әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерге қатысты басқа да мәселелер айқындалды.

2024 жылы 27 ақпанда әлеуметтік әріптестік аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағы арасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, Тараптар профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің академиялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ынтымақтастықты нығайтып, күш біріктіруге келісті.

2023 жылы 24 қарашада «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ 2023-2025 жылдарға арналған бірыңғай ұжымдық шартына қол қойылды. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі қызметкерлер тарапынан бастамашы болды.

Ұжымдық келіссөздер жүргізуде, осы ұжымдық шартты жасасуда және өзгертуде, оның орындалуын бақылауда Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 20-бабының 1-тармағына сәйкес Кәсіподақ бастауыш кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ органдары арқылы қызметкерлердің мүдделерін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2020 жылғы 15 наурыз бен 15 сәуір аралығында Төтенше жағдай енгізілген кезеңде және кейіннен COVID-19 пандемиясымен байланысты локдаун кезінде Әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімнің күші құқықтық акт ретінде өзінің маңыздылығын көрсеткенін айрықша атап өткен жөн.

Вирустың таралуының алдын алу шарасы ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі

мемлекеттік комиссияның шешімі негізінде жекелеген білім беру ұйымдарының қызметін уақытша тоқтатып, жоғары, кәсіптік-техникалық және орта жалпы білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқытуды енгізу туралы шешім қабылдады.

Орын алған жағдай еңбек қатынастарын ұйымдастыруда бірқатар қиындықтар туғызды, олардың бірі жұмыс күшін жаппай босату болды.

Жұмыс берушілер жағдайды реттеу үшін қолда бар заңды құралдарға жүгінді: жұмысты қашықтан ұйымдастыру, толық емес жұмыс күнін, бос тұрып қалуды енгізу, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру, жалақысы сақталмайтын демалыс беру.

Қалыптасқан жағдайда әлеуметтік әріптестік тараптары келісімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы Төтенше жағдай және карантин режимі кезіндегі жұмыс берушілердің, мемлекеттік органдардың және кәсіподақтың іс-әрекеттерін келісе алды.

Келісім талаптарының орындалуына және қатысушылардың міндеттемелерінің орындалуына бақылауды Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссиялар қамтамасыз етеді.

Есепті кезеңде Салалық комиссиялардың 11 отырысы өткізіліп, хаттамалық шешімдер қабылданды. Комиссиялардың жұмысы бекітілген жылдық жоспарлар бойынша жүргізілді.

Комиссиялардың отырыстары бекітілген регламентке (тәртіпке) сәйкес тұрақты түрде жылына кемінде екі рет өткізілді.

2019-2024 жылдар аралығында Салалық комиссиялармен төмендегі сұрақтар қарастырылды:

- «Білім» саласындағы Салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы»;
- «Жоғары білім берудің Ұлттық біліктілік шеңбері жобасын талқылау туралы»;
- «Салалық деңгейде білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісім мәтінін бекіту туралы»;
- «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы»;
- «Жұмыс берушілермен еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жағдайы туралы»;
- «Қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық құжаттар, бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеу кезінде Салалық келісім ережелерін орындау барысы туралы»;
- «Еңбек қатынастарын реттеудегі әлеуметтік әріптестік бойынша өңірлік салалық үш жақты комиссиялардың жұмысы туралы»;
- «Республика кәсіпорындарының Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының «Vizion Zero» (жарақаттануға төзбеушілік) бағдарламасына қосылуы жөнінде ақпараттық науқан өткізу туралы»;

➤ «Саладағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың жай-күйі және кәсіподақ ұйымдарының еңбекті қорғаудың Салалық басқару жүйесін дамытуға қатысуы туралы»;

➤ «Ең үздік ұжымдық шарт республикалық сайыс-байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы»;

➤ «Салалық деңгейде оқу-ағарту саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімнің келісілген мәтін нұсқасын уәкілетті Тараптарға қол қоюға ұсыну туралы»;

➤ «2024 жылға арналған Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу бойынша Салалық комиссияның жұмыс жоспарын, сонымен қатар басқа да сұрақтарды бекіту туралы»;

➤ 2024 жылдың 29 сәуірінде оқу-ағарту саласындағы Салалық комиссияның отырысында білім басқармасы басшыларының есептері тыңдалды:

- Астана қаласының оқу-ағарту саласында әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру туралы;

- Қарағанды облысының оқу-ағарту саласында әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру туралы;


- Түркістан облысының оқу-ағарту саласында әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру туралы.

Тараптардың іс-қимылдарын өңірлік деңгейде үйлестіру үшін әлеуметтік әріптестікті дамыту бөлігінде біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, әлеуметтік әріптестік туралы өңірлік салалық келісімдер мен ұжымдық шарттарға, сондай-ақ еңбек заңнамасы мен салалық ерекшеліктердегі өзгерістерді ескере отырып, қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғауда нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған әлеуметтік әріптестік актілер мазмұнының сапасына жүйелі түрде талдау жасалды.

Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының бес жыл ішіндегі ұжымдық-шарттық жұмыс қорытындылары әлеуметтік әріптестік тараптары ұжымдардың тұрақты жұмысын қолдау, білім беру жүйесін одан әрі дамыту, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдағанын көрсетті.

Ұжымдық шарттардың мазмұны қызметкерлер үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімдердің ережелерін кеңейтеді.


Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер саны:



Бұл көрсеткіштің жалпы төмендеуі кәсіптік одақтар туралы заңнамадан барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының міндетті бірлестігін белгілейтін нормаларды алып тастау салдарынан жекелеген өңірлердегі кәсіподақ мүшелерінің санының төмендеуіне және объективті сипаттағы басқа да себептерге байланысты.


Жылына ұжымдық шарттарды орындауға жұмсалған шығындардың жалпы сомасы (әлеуметтік пакет құны) ұжымдық шарт жұмысындағы маңызды көрсеткіш болып табылады.

Егер, 2020 жылы бұл сома 1 005 430 909 теңгені құраса, 2023 жылдың қорытындысы бойынша – 7 097 070 871 теңге, яғни өсім 6 миллиард теңгеге ұлғайғанын көруге болады.



Салалық келісімдерде олардың ережелері өңірлік келісімдерді, ұжымдық шарттарды, қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасу кезінде және жеке, ұжымдық еңбек дауларын шешу кезінде міндетті болып табылатыны анықталды.

Кәсіподақ құрамына кіретін бастауыш ұйымдарда жасалған ұжымдық шарттардың саны:



Оқу-ағарту саласында ауданның (қаланың) мемлекеттік мекемелері мен қазыналық кәсіпорындары шеңберінде бірыңғай ұжымдық шарт жасасу тәжірибесі енгізілуде, онда жұмыс берушілердің атынан аудандық, қалалық білім бөлімдері, жұмыскерлердің атынан кәсіподақтың тиісті органы келіссөздер жүргізеді. Мұндай тәсіл ұжымдық шарттардың сапалы мазмұнына қол жеткізуге, оған тараптарға

тиесілі міндеттемелерді енгізуге, жұмыс беруші өзіне алған міндеттемелердің барынша орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кәсіподақтың басқарушы органдары барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарына жасалатын ұжымдық шарттардың санын көбейтумен қатар олардың сапасын арттыруға, аталған құқықтық актілерге кәсіподақ мүшелері – қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерінде үлкен әлеуметтік бағыт пен маңыздылық беруге, тараптарға жүктелген міндеттемелерінің орындалуына тиімді бақылауды қамтамасыз етуге қол жеткізу міндетін қойды.

Сала ұйымдарының ұжымдық шарттарының мазмұнына жасалған талдау олардың көпшілігінде еңбек ұжымдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен қатар өмір сүру деңгейін, жұмыспен қамтуды, еңбекті қорғауды, жалақыны уақытылы төлеуді, қызметкерлер мен олардың балаларын сауықтыруды арттыру жөніндегі шаралар көзделгенін көрсетті.

Техникалық персоналдың демалысына сауықтыру жәрдемақыларын төлеу, еңбек демалысына қосымша ақы төленетін күндер, бухгалтерлердің жалақысына үстемеақылар, коммуналдық қызметтер үшін өтемақылар, сыйлықақылар, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға, зейнеткерлерге көмек көрсету, балаларды оқытуға несие бөлу және т.б. секілді қосымша кепілдіктер мен әлеуметтік төлемдер қарастырылған,

Ұжымдық шарттардың көпшілігі тек атынан қол қойылған қызметкерлерге яғни, кәсіподақ мүшелеріне ғана қолданылады, бұл ұжымдық шарттарға мотивациялық (ынталандырушылық) серпін береді.

Кәсіподақ жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, келісімдер мен ұжымдық шарттар талаптарын орындауына қоғамдық бақылауды күшейту бойынша шаралар қабылдайды.

Еңбекті нормалау және еңбекақы төлеу бөлігінде Тараптар сала қызметкерлерінің еңбекақысын жүйелі түрде бақылап отырды, сондай-ақ мемлекеттік білім және ғылым саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесіне заңмен белгіленген әлеуметтік стандарттарды енгізу бойынша консультациялар жүргізді.

Салада жұмыс берушілердің қызметкерлерді міндетті мерзімдік медициналық тексеруден өткізу ақысын төлеу мәселесі толықтай шешілді.

Дегенмен, әлеуметтік әріптестік жүйесінде елеулі кемшіліктер мен олқылықтар бар. Кейбір өңірлерде әлеуметтік әріптестік комиссияларының жүйелі жұмысы қамтамасыз етілмеген, Комиссия отырыстарында әлеуметтік-экономикалық сипаттағы маңызды мәселелер көтерілмейді.

Жекелеген өңірлерде жұмыс берушілердің келісімдер мен ұжымдық шарттардың талаптарын орындауына қоғамдық бақылау жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік әріптестік Тараптарының салада қоғамдық келісімді сақтау, ұжымдық еңбек даулары мен әлеуметтік жанжалдардың алдын алу бойынша келісілген іс-әрекеттердің қажеттілігін түсінуі басты нәтиже болып табылады.

3. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

3.1 Кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау

Кәсіподақ ұйымдары 2019-2024 жылдарға арналған Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы XIV Съезінің бағдарламалық құжатын орындау бойынша кәсіптік одақ мүшелерінің - білім беру саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін қорғау жөніндегі жарғылық міндеттерді іске асыруға бағытталған мақсатты жұмысын жүргізді.

Қабылданған шаралармен Кәсіподақ белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді. Бүгінгі таңда құқықтық қызмет қызметкерлерінің саны 46 штаттық маманды құрайды.



Қызметкерлерді қорғаудың бір әдісі – *өтініштермен және кеңес беру қызметтерімен дұрыс жұмыс жасау.*

Есепті кезеңде кәсіподақ мүшелерінің жалпы **140 031** өтініші қаралды, оның **446-сы** мемлекеттік еңбек инспекциясына жіберіліп, әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамалар толтырылды және міндетті орындау үшін ұйғарымдар берілді.

Тегін құқықтық кеңестердің жалпы саны 94 323 құрады. Zoom платформасында бейне байланыс арқылы топтық кеңес беру сияқты жұмыс түрі кеңінен қолданылады.



2019-2023 жылдары құқықтық сұрақтар бойынша берілген кеңестер



Кәсіподақ заңгерлерімен жеке еңбек дауларын қарау барысында Келісу комиссияларында **1 242** жағдайда, сотта **106** жағдайда қызметкерлерге құқықтық көмек көрсетілді.

Есепті жылда құқықтық қызметтің көмегімен жұмыстан заңсыз босатылған **78** қызметкер - кәсіподақ мүшелері өз жұмыстарына қайта орналастырылды.

Қоғамдық бақылау құқықтық қорғаудың ең тиімді және маңызды түрі болып қала береді. 2019-2023 жылдар аралығында еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау бойынша **11 876** тексеру жүргізілді. Қоғамдық бақылау барысында **16 693** еңбек заңнамасын бұзу фактісі анықталды. Оның **5 332-сі** еңбекақыға, **4 782-сі** еңбек қатынастарын ресімдеу мен **2 331-і** жұмыс уақыты мен демалыс уақытына қатысты.




Барлық кәсіподақ ұйымдарының ішінде қоғамдық бақылау жүргізу бойынша пайыздық үлесі жоғары мүшелік ұйымдар: Жамбыл облысы – **64,1%**, Павлодар облысы – **55,8%**, Ақтөбе облысы – **40,3%**, Қызылорда облысы – **33,4%**, Қарағанды облысы – **29,4%**, Атырау облысы – **24,6%** және Астана қаласы – **21,7%**.

Қоғамдық бақылау жүргізудің ең төменгі үлесі келесі мүшелік ұйымдарға тиесілі: Түркістан облысы – **1,5%**, Маңғыстау облысы – **4,6%**, Жетісу облысы – **8%**, Ақмола облысы – **8,7%** және Шымкент қаласы – **8,3%**, Алматы қаласы «Ұстаз» – **5,9%**. Осылайша, есепті жылы еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүргізу бойынша қамту жалпы республика бойынша **25,2%** құрайды.

Құқықтық қызмет жұмысының тиімділігін сипаттайтын негізгі сапалық көрсеткіштердің бірі есепті кезеңде **6 779 406 160** теңгені құраған кәсіподақ мүшелеріне қайтарылған заңсыз ұсталған немесе төленбеген ақша қаражатының сомасы болып табылады. Есепті кезеңде құқықтық қызмет жұмысының экономикалық тиімділігі – **7 608 202 677** теңгені құрады.

Сапалық көрсеткіштер



Орталық Комитеттің, мүшелік ұйымдардың заңгерлері кәсіподақ мүшелерінің өтініштері бойынша талап арыз, тағы да басқа процессуалды құжаттарды ресімдеу бойынша көмек көрсетеді.

Орталық Комитет аппаратының және мүшелік ұйымдардың құқықтық қызметі есепті кезеңде «Еңбек қатынастарын реттеудегі әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімнің рөлі», «Еңбек даулары, олардың пайда болу себептері. «Келісу комиссиясында еңбек дауын шешу тәртібі», «Білім беру саласындағы қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі», «Халықтың декреттелген тобын гигиеналық оқыту және оны өткізу тәртібі», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы», «Білім

беру ұйымдары үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» және т.б. сияқты құқықтық мәселелер бойынша **543** әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

Есепті кезеңде мүшелік ұйымдардың кәсіподақ активімен әлеуметтік әріптестер – ҚР Оқу-ағарту, ҚР Ғылым және жоғары білім министрліктері өкілдерінің қатысуымен бірқатар семинар-кеңестер өткізілді.

Келісу комиссияларының мүшелерін оқыту ерекше назар аударуды талап етеді.

Тек 2023 жылы Орталық Комитет аппаратының мамандарымен келісу комиссияларының **1 427** мүшесі оқытылды, оның ішінде: Жетісу облысында – 658, Түркістан облысында – 564, Қостанай өңірлік университетінде – 12, Шымкент қаласында – 193.

Павлодар, Жамбыл, Ақтөбе облыстарындағы мүшелік ұйымдардың мамандары **Келісу комиссияларының 3 500** мүшесін оқытса, Абай облысында **2 180** және Астана қаласында **522** адам оқытылды.

3.2 Кәсіподақтың норма шығарушылық қызметке қатысуы

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары өз өкілеттіктері шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар дайындауға қатысады.

2019 жылы барлық педагогикалық қауымдастықтың көптен күткен Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы қабылданды. Аталған Заң ұстаз мәртебесін көтеруге, педагогтың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға, бірқатар кепілдіктерге, оның ішінде әлеуметтік кепілдіктер иеленуге, білім саласындағы еңбек жағдайларын жақсартуға, педагогты арнайы құқықтық тұрғыда қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Көптеген жылдар бойы осындай заңды қабылдау туралы ұсыныс көтерген кәсіподақ құжатты әзірлеудің барлық кезеңінде барлық қол жетімді құқықтық әдістермен оған педагогикалық еңбек қызметкерінің жоғары әлеуметтік мәртебесін қамтамасыз ететін максималды нормаларды енгізуге қол жеткізді. Білім саласы қызметкерлерінің кәсіби мүддесі мен еңбек құқықтарын қорғаушы ұйым ретінде Кәсіподаққа 40 000-нан астам ұсыныс келіп түсті. Келіп түскен ұсыныстар өңделіп, жүйеленіп, жұмыс тобына берілді.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының жұмыс тобы құрамында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің алаңында кәсіподақ заңгерлері ҚР Әлеуметтік кодексі, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Кәсіптік біліктілік туралы» заңдары жобаларымен жұмыс істеді.

Біздің ұсыныстарымызды ескере отырып, «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтарының жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы», «Педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы», «Бірінші басшылар мен педагог қызметкерлерді лауазымға тағайындау, қызметтен босату қағидалары», «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтарын лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы», «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» сияқты заңға тәуелді салалық нормативтік құқықтық

актілер пысықталып, бекітілді. Аталған құжаттармен жұмыс істеуге қатысу арқылы қызметкерлердің мүддесін қорғау тұрғысынан алға қойылған мақсаттарға ішінара қол жеткізуге мүмкіндік туды.

2023 жылы Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының жұмыс тобы құрамында Кәсіподақ мамандары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің алаңында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Кәсіптік одақтар туралы» заң жобаларымен жұмыс істеді.

Мүшелік ұйымдармен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі жанындағы жұмыс тобына қабылданған нормативтік құқықтық актілерді, атап айтқанда Педагогтарды аттестаттау ережесі, білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтарын лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидалары, білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі және т.б. анализ жасау бойынша ұсыныстар пакетін дайындады.


4. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Кәсіподақ есепті кезеңде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бағытында бірқатар жұмыстар атқарды.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудағы мәселелер әлі де өзекті.


2019-2023 жылдар аралығында оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы қызметкерлер әртүрлі жарақаттар алды:

- жеңіл дәрежеде (60,1%) – 65 қызметкер;
- ауыр дәрежеде (30,2%) – 33 қызметкер;
- қайтыс болғаны (қаза тапты) (9,2%) – 10 қызметкер.



Жоғарыда келтірілген көрсеткіштер білім және ғылым саласындағы ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселесі маңызды емес деген жаңсақ пікірдің қалыптасу салдарын сипаттайды.

2024 жылғы 1 қаңтарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес саны **8 023-ті** құрады, **8 124** еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар 2019-2023 жылдар аралығында **19 171** тексеру жүргізіп, **8 011** бұзушылық анықтады.



■ Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың еңбек жағдайларына жүргізілген тексерулер

Тексерулер тақырыптық сипатта жүргізілді:


Қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету – **2 110**;

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты, ереже, нормалар талаптарын сақтау бойынша – **1392**;

Қызметкерлерді оқыту және оларға нұсқау беру бойынша – **1228**;

Ұжымдық, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бойынша – **2058**.

Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша **4 392** ұсыныс берілді.



Бұл сандар жазатайым оқиғалардың алдын алу және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар екендігін көрсетеді.

Мүшелік ұйымдар әлеуметтік әріптестерімен бірлесе отырып, қол қойылған келісімдер аясында өндірістік кеңестер мен техникалық инспекторлардың тиімді жұмысын жалғастырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытуды жүйелі түрде ұйымдастырып, өндірістік жарақаттар мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыруы, еңбекті қорғауды басқару жүйесінде бірыңғай салалық талаптарды орындауы қажет.

Кәсіподақтың Атқару Комитетінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы Қаулысымен Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» байқауы туралы жаңа Ереже бекітілді.

Байқау еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырудың тиімділігін арттыру, жұмыс берушілердің білім беру ұйымдарындағы қауіпсіз еңбек жағдайларына қызметкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін сақтауы, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік ауруларды азайту, техникалық инспекторлардың қызметін жетілдіру және ынталандыру мақсатында өткізілді.

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні аясында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» байқауы жыл сайын Астана қаласында өткізіліп, байқау жеңімпаздары мен қатысушылары грамоталар мен ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Техникалық инспекторларды оқытуға үлкен көңіл бөлінеді, тұрақты түрде семинарлар, тренингтер ұйымдастырылады. Кәсіподақтың Орталық Комитетінің ұйымдастыруымен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға жыл сайын республикалық семинар-кеңес өткізіледі. Мүшелік ұйымдар кәсіподақтық оқыту аясында жоспарлы түрде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес мүшелерін және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларын оқытып отырады.

2022 жылы қарашада 14 мүшелік ұйым үшін «Ішкі бақылау – қауіпсіз жағдай жасау құралы» тақырыбында онлайн семинар ұйымдастырылды. Семинарға еңбекті қорғау жөніндегі 1050 техникалық инспектор қатысты.

5. КӘСІПОДАҚТЫҚ ОҚЫТУ

Кәсіподақ жұмысының басым бағыттарының бірі кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту болып табылады

XIV Съезде Кәсіподақты кәсіподақ мүшелерін, кәсіподақ кадрлары мен активтерін кәсіби және жеке өсу мүмкіндіктерін арттыра отырып, адами капиталды дамыту мақсатында оларды үздіксіз оқыту мен өзін-өзі дамыту процесіне барынша тартуға бағытталған ұйымға айналдыру міндеті қойылды.

Кәсіподақтық оқыту Кәсіподақтың Атқару Комитетінің Қаулысымен бекітілген кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарға сәйкес құрылды.

Кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту тұжырымдамасы 3 деңгейде оқытуды көздейді және келесілерді қамтиды:

- кәсіподақтық оқытудың аудандық, қалалық мектептері;
- кәсіподақ кадрлары мен активін оқытудың облыстық мектептері;
- Кәсіподақтың Орталық Комитетінің оқу базасы.

Жыл сайынғы оқыту жоспарлары:

- аудандық комитеттерде (қалалық комитеттерде) бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен ай сайын семинар-кеңестер өткізу;
- кәсіподақ активінің тұрақты жұмыс істейтін мектептерінде оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, Кәсіподақ кадрларын оқыту халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысу арқылы да қамтамасыз етіледі.

Кәсіподақтық оқытуда кәсіподақтың түрлі бағыттарын түсіндіру, кеңестер беру, сонымен қатар кәсіподақ ұйымдарының озық тәжірибесін жалпылауда бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет ресурстары кеңінен қолданылуда.

Соңғы бес жылда кәсіподақ активінен оқытудың барлық формаларымен **411 315 адам қамтылды**. Оның ішінде, кәсіподақ мүшелері – **201 028**, тексеру комиссияларының мүшелері – **40 844**, кәсіподақ активі – **112 288**, кәсіподақ ұйымдарының төрағалары – **57 155 адам**.

Кәсіподақтың Орталық Комитеті, облыстық, аумақтық, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттері өңірлер бойынша семинарлар өткізу кестесін әзірлейді, олар қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Кәсіподақтық оқыту қорытындысы жыл сайын тиісті кәсіподақ органдарының отырыстарында сараланып отырады.

Кәсіподақ органдары тұрақты жұмыс істейтін семинарлар жүйесінде бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларын оқытуға баса назар аударады.

Айына кемінде бір рет тұрақты оқытулар бастауыш кәсіподақ ұйымдарының назарына, яғни кәсіподақтың әрбір мүшесіне өңірдегі кәсіподақ жұмысының өзекті мәселелерін жеткізуге, кәсіподақ құрылысының құжаттарын зерделеуге, кәсіподақ органдарының кәсіподақ мүшелерімен кері байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бастауыш кәсіподақ ұйымы деңгейінде жаңадан қабылданған қызметкерлермен жұмыс істеуге зор көңіл бөлінеді, олар кәсіподақтың құрылымы, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, ұжымдық шарт, кәсіподақ мүшелері – қызметкерлердің мүдделерін қорғау құралдары мен әдістері туралы ақпараттармен қамтамасыз етіледі.

Еңбек ұжымдарында жалпыға бірдей құқықтық оқыту жүргізу жөніндегі жұмыс аясында кәсіподақ мүшелері өздерінің нақты еңбек қызметіне қатысты еңбек заңнамасының негіздері бойынша қажетті ең төменгі білімді ала алатын (еңбекақыны есептеу мәселесі, жұмыс уақыты және демалыс уақыты, тағы с.с.) кәсіподақ үйірмелерін құру өзекті мәнге ие.

Кәсіподақ кадрлары мен активін тиімді оқытудың негізгі шарттарының бірі – оқыту жүйесін қаржылық қамтамасыз ету. Кәсіподақтың Атқару Комитетінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №2 Қаулысымен бекітілген «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ мүшелік кәсіподақ жарналарын

төлеу, бөлу және жұмсау тәртібі туралы» ережеге сәйкес кәсіподақ кадрларын дайындау және кәсіподақ активін оқыту үшін жұмсалатын шығындардың кемінде 10% төлеу тәртібі қарастырылған.

Кәсіподақтық оқыту жүйесіндегі оқуларға министрліктердің және ведомстволардың, ғылыми ұйымдардың өкілдері белсенді түрде тартылып отырады.

Жаңа PR-технологияларын қолдану, интернет желісіндегі жаңа мүмкіндіктерді пайдалану арқылы кәсіподақ мүшелерін оқыту әлі де басым бағыттардың бірі болып отыр. Мысалы, 2022 жылы Павлодар облысында YouTube желісінде «LableProf» ресми каналы, 2023 жылы облыстық «Профсоюзная волна» Медиа-студиясы, Павлодар облысының Тереңкөл ауданында «ProfTV» ашылды. Кәсіподақ тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында «Kasipodaq Kerueni» жобасы өз бастауын алып, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, жас ұстаздар, басқа да белсенділер оқытудан өтуде.


Кәсіподақ қызметінің барлық бағыттарында ZOOM платформасы арқылы қашықтан оқыту форматында кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру кеңінен пайдаланылып келеді.

6. АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС

Кәсіподақ жарғылық міндеттерді орындауға, заңнаманы түсіндіруге, кәсіподақ органдары мен ұйымдарының қызметін насихаттауға, қоғамдағы кәсіподақтың беделі мен имиджін арттыруға бағытталған ақпараттық қызметті жетілдіру бағытында мақсатты және кешенді жұмыстар жүргізеді.

Кәсіподақтың Орталық Комитеті мүшелік ұйымдармен бірлесіп, кәсіподақ мүшелерін және жалпы қоғамды ақпараттандырудың жаңа ақпараттық технологиялары мен заманауи әдістерін тәжірибеге енгізді. Материалдардың мазмұны мен контенттің сапасынан ақпараттық жұмыстың жақсарғаны байқалады.

2019-2023 жылдар аралығында Кәсіподақтың ресми сайтында мүшелік ұйымдардың 2 946 материалы жарияланды:



2015 жылдан бері Кәсіподақтың ресми сайты белсенді жұмыс істеп келеді. 2023 жылы Кәсіподақ сайты **www.edu-tradeunion.kz** жаңғыртылды. Ресурстық алаңда кәсіподақ жұмысының барлық бағыттары бойынша материалдар, оның ішінде мүшелік ұйымдардың ақпараттары, мақалалары, жазбалары тұрақты және жедел жарияланып отырады.

2019-2023 жылдар аралығында Кәсіподақ сайтында мүшелік ұйымдардың 2 946 материалы жарияланды (2019 жылы – 717, 2020 жылы – 470, 2021 жылы – 617, 2022 жылы – 465, 2023 жылы – 677).

Сайт күн сайын жаңартылып, өзекті материалдармен толықтырылып отырады, соның арқасында сайтты қолданушылар саны артууда.

Кәсіподақ қызметін жариялау бойынша белсенді жұмыс Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерінде де жүргізілуде. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде Кәсіподақтың барлық мүшелік ұйымдарының ресми парақшалары бар. Әлеуметтік желілерде ақпараттық жұмыстың жандануымен Кәсіподақ қызметіне қатысты негізсіз және теріс пікірлер азайды, бұған дейін олар әлдеқайда көп болатын.

Ресми сайтта және әлеуметтік желілердегі парақшаларда сапалы фото және бейнематериалдарды пайдаланудың бірыңғай тәжірибесі енгізілді.

Кәсіподақ өткізген іс-шараларда динамикалық бейне шолу түрінде мобилография белсенді пайдаланылады. Бұл құрал медиа кеңістікте кеңінен қолданылады және ақпаратты мақсатты аудиторияға жеткізудің жедел әдісі болып табылады. Семинарлардың, кездесулердің және дөңгелек үстелдердің бейне шолулары әлеуметтік желілерде көп қаралымға ие. Бұл форматтағы жарияланымдар реакцияларды, лайк, репост және жалпы қамту көрсеткішін көп жинайды.

Аса маңызды мәселелер бойынша көлемді тақырыптағы пайдалы және өзекті ақпараттық материалдар барлық әлеуметтік желілердегі парақшалардың қамту көрсеткіші мен статистикасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Сайтқа жарияланатын материалдардың жеделдігі, жүйелілігі және өзектілігіне баса мән беріледі.

Әлеуметтік желілер арқылы кәсіподақ мүшелерімен тікелей эфирлер өткізіледі, оның барысында кәсіподақ өкілдері онлайн режимде қойылған сұрақтарға жауап береді, «Жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар», «Кәсіподақ түсіндіреді» айдарлары ашылған, осылайша кәсіподақ мүшелерімен кері байланыс орнатылды.

Әлеуметтік желілерімізді қолданушылар саны:



24 000



3 000



8 000

Facebook әлеуметтік желісіндегі Кәсіподақтың ресми парақшасына <https://www.facebook.com/profsoyuzrabortnikovobrazovaniya?mibextid=LQQJ4d> 24 000-нан астам адам жазылған, бұл Кәсіподақ пен мүшелік ұйымдардың жұмыстарына қызығушылықтың артқанын көрсетеді.

Instagram желісіндегі ресми аккаунтына https://www.instagram.com/bilim_kasipodagy?igsh=OGQ5ZDc2ODk2ZA 8000-нан астам адам, Telegram каналына <https://t.me/profsoyuzobrazovaniya> 3000-ға жуық адам жазылған. Бұл алаңдар Кәсіподақ қызметі туралы ақпаратты мақсатты аудиторияға таратудың қосымша арналарына айналды.

Сондай-ақ, Кәсіподақтың ақпараттық жұмысында орталық және жергілікті газеттер, журналдар, радио және теледидар белсенді қолданылады, бұл Кәсіподақтың қоғамға танылуын және ашықтығын арттыруға ықпал етеді. **2019-2023 жылдары** бұқаралық ақпарат құралдарында Кәсіподақ қызметі туралы **2000-нан** астам жарияланымдар мен материалдар жарық көрді.


